



**Өз құқығыңды білесің
бе?**

Мақсаты:



1. Білімдік: Конституциялық, азаматтық, әкімшілік, отбасылық, еңбек, қылмыстық құқық негіздерінен қазіргі заман адамына ең қажеттерін іріктеп ала білуге үйрету.
2. Дамытушылық: Оқушыларды жаңа тақырыпты талқылауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, ой өрісін, ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру.
3. Тәрбиелік: Заң сыйлағыш тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі таңдағы еліміз тәуелсіздігін алып, оңы мен солын танып, бары мен жоғын түгендеп жатқан тұста мемлекетіміздің қабылданған Конституциясы ел дамуының тұс бағдары болды десек қателеспейміз. Мемлекет дегеніміз белгілі бір территориясы, шекарасы, рәміздері, ұлты бір жалпы халықтық ірі ұйым десек, сол қазақ ұлтының төл конституциясының қабылданғанына 15 жыл толып отыр. Енді аздап тарихқа көз жүгіртсек қыпшақ халқындағы (X-XI ғғ.) «Кодекс Куманикус» яғни кумандар заңдары, XVI ғ. «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сияқты заңдар жинағы бұл қазіргі тәуелсіз қазақ елі Конституциясының бастамасы болып табылады.

№1 Глоссарий «Тәртіп орнат»

1.Құқық	А – Еліміздің негізгі заңы.
2.Конституция	Б – Мемлекет басшысы
3.Мемлекет	В – Негізгі саяси қоғамдық ұйым
4.Азамат	Г – Тәуелсіздік
5.Құқық бұзушылық	Д – Заңдар жүйесі
6.Президент	Е – Заң шығарушы орган
7.Парламент	Ж – Заң жүйесін бұзу
8.Егемендік	З – Құқығы бар ел тұрғыны

Қазақстан Республикасының азаматтарының міндеттері:


- Заңдарға бағыну;
- Басқа азаматтардың құқықтарын, бас бостандықтарын, арын құрметтеу;
- Мемлекет рәміздерін құрметтеу;
- Қаржы, салықты төлеу;
- Тарихи және мәдени байлықтарды сақтау;
- Табиғатты және табиғи байлықтарын сақтау;
- Ата – аналардың балаларына қамқорлық етуі, алдындағы міндеттерін орындау;
- Орта мектеп білімін алу;
- Қазақстан Республикасын қорғау;

«Жаза мен қылмыс»


- Жол ережесін бұзу адам үшін қылмыс па? Неге?
- Адамды қылмыс жасаудан не сақтайды? Құқық туралы білімі не өз санасы.
- Қылмыс жасағанға қоғам кінәлі ме?
- Қылмыскерге рақымшылық беруге сіздің көзқарасының қандай?
- Адамның заңға немқұрайлы қарауы неден басталады деп ойлайсыз?
- Жайбарақат қараушылық қылмысқа жата ма?


Жұмбақтар

Оқушы болсаң жақсы, жылдам зерек,
Ондайлар отаныма өте керек.
Тәуке хан жазған екен заң жинағын,
Тапсаңдар болғандарың асқан зерек




Мерекен құтты болсын ұстаздарым,
Оқушы, келім – кетті бар достарым.
Тәуелсіздік заңының қабылданған,
Жылын тап мықты болсаң, біз тосалық.





Жақсы ел шығарып заң игілікті,
Депутат заң шығарып билік қыпты.
Парламент палатасы нешеу екен,
Таба алсаң бұл жауапты игі екен



Өз ойыңды ортаға салу?

- «Бақытты өмір» - дегенді қалай түсінесіз?
 - Бақытты өмір сүру үшін не істеу керек?
-